

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 наурыздағы N 401 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 28 мамырдағы N 894

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"1997 жылдың өнімінен мемлекеттік ресурстарға астық сатып алу туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 наурыздағы N 401 қаулысына P970401_ мынадай өзгерістер енгізілсін:

4-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Астық компаниялары жанар-жағар материалдарды, тұқымды, техниканы, жабдықтарды, босалқы және жинақтаушы бөлшектерді, өсімдіктерді химиялық қорғау құралдарын, тыңайтқыштарды және басқа да материалдарды мемлекеттік астық сатып алуға беріп тұруға өз бетінше шарттар жасасады".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі